

*5B010700 – Бейнелеу өнері және сызу мамандығының  
4 курс студенттері Утенова Назерке Жанболатқызы,  
Мағзұмова Алтынгүл  
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық  
институты*

## **Пейзаждың даму тарихы**

Өнер – адам жасаған құндылықтардың ең құнды дүниесі. Өнердің алға қоятын мақсаты – әдемілікті сездіру, сұлулықты таныту, көркемдіктен ләззәт ала білуге машықтандыру. Ал әдеміліктің талабы – адамзатты көркемдік сезіне білуге баулу. Өнердің тақырыбы өте кең. Бізді қоршаған әлем – тұтасымен әдемілік әлемі. Сізге және бүкіл адамзатқа жылы әсер етіп, көргенде көз жанары қызды өзіне тартып, естігенде құлағыңыздың құрышын қандырып, әр сәтте жан-жүрегіңізде баулап алса, оны әдемілік, әсемдік, сұлулық, көркемдік деп қабылдауымыз керек. Өнер адамдарды шыңдап сезініп, жүрегімен қабылдаған әдемілікті санада қорытып, оны шығармашылықтан қайта туындатса, ол өнер туындысы болып шығады. Әсемдікті санадан қайта туындатқанда, ол көркем дүние болып шықса ғана өнер болып есептеледі.

Табиғат – қоршаған ортаны бейнелеу, табиғи көрінісін бейнелі түрде көрсету. Суретші өзінің көзқарасымен қоршаған ортаны, шындық өмірді әсерлі және нақты бейнелейді. Табиғаттың суретін бастамас бұрын алдымен сюжет пен композицияны қарастыру керек.

«Пейзаж» - француз сөзі, ол көркемөнер жанырының бір түрі. Пейзаж бірден жанр болып құрылған жоқ. Ол үлкен даму жолынан өтті. Пейзаж фон арқылы живописсте, графикада және басқа да жанр түрлерінде жұмыс істейді.

Пейзажда, жанрлы жұмыстарында да суретшілер әр уақытта табиғатымыздың байлағы мен ерекшелігін бере білді. Олар әсіресе Ч.Кенжебаев, Мәмбеев, Қ.Телжанов, Н.Нұрмұхамедов, К.Шаяхметов, Ә.Ысмаилов.

М.Кенбаевтың шығармашылығында табиғатқа деген шынайы халықтық, шат - шадымен қуаныш сезімі, дүниедегі бар құбылысты ақындық шабытпен қабылдау қасиетті назар аударды. «Бұғалық тастау» (1957), «Шопан әні» (1956), атты шығармаларында ұланғайыр қазақ даласының асқақ жыршысына айналды.

Қ.Телжанов қазақ халқының өмірі мен тұрмысы жайында және тарихи тақырыптағы шығармалар жазған. «Ата мекен» (1958), «Көкпар» (1960), «Тыныштық» (1964) атты поэтикалық көріністер мен монументті

еңбектердің, кең танысты әр қилы бояулы жұмыстар. Суретші творчествасы қазақ бейнелеу өнеріне елеулі бет бұрыс алып келді.

С.Мәмбеев шығармаларының негізгі тақырыбы - замандастар өмірі, өскелең ауыл тұрмысы, жастар бейнесі, туған жер табиғатының сұлу көріністері. Ол өмір шындығын бояулар дүниесі арқылы бейнеледі.

Ә. Исмайлов өзінің «Бурабай», «Екібасатұз», «Хан тәңірі төңірегіндегі жайлау» атты жұмыстарында туған жер, Қазақстан табиғатының сұлу көрінісі бейнеленген.

Суретші жұмыстарында табиғатты шынайы қалпында көрсетуге тырысқан.

Өнер - бұл көне заманнан келе жатыр, ол адамзат қоғамының алғашқы құрылыс дәуірінен басталған. Испаниядағы аты әлемге айналған Альтамира үңгірінде салынған хайуанаттар суреттерінен бастап, қылқалам шебері Пикассо Сезан туындыларына дейін өнер тарихы күрделі де қиын кезеңдерді артта қалдырған.

Келе - келе сурет өнерінің дамуының арқасында сәулет, мусін, живопись кескіндеме өмірге келді.

Бұл ретте Арқалық қаласындағы № 6 Құнанбаев атындағы жалпы білім беретін орта мектепте өткізілген эксперимент сабағымда оқытудың көптеген әдістерінен құралған интерактивті оқыту технологиясының тиімді әдістерін қолданамын. Көркем еңбек сабағында «Пейзаж. Табиғат пен үйлесім. Әуе перспективасы» тақырыбындағы сабақтың барысын талдайтын болсақ ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану төмендегідей көрініс табады:

- визуалды өнер бөлімдерін және оның әртүрлі бөлімдерін толықтай түсіну үшін медиаматериалдарды қолдану;
- оқушылардың белсенділігін арттыру үшін АКТ мүмкіндіктерін тиімді қолдану;
- медиақұралдарды қолдана отырып, ақпаратты және дәлелді түсіну, сурет салу техникаларын талдау және салыстыру;
- АКТ қолдана отырып, таныстырылым дайындау, салыстыру, бағалау, зерттеу және бірлесе отырып пікірлерін дәлелдеу.
- Көрнекілік әдістері (иллюстрациялар, көрсетілім, таныстырылым);
- Тәжірибелік әдістер (постер, сурет салу) жасау;
- Репродуктивтік әдістер;
- Өзіндік сурет салу (мұғалім басшылығымен және өз бетімен);
- онлайн сабақтар арқылы инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды қолданады;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы таныстырылымдар жасайды, салыстырады, жетілдіреді, бағалайды және бірлесе отырып, өз пікірлерін дәлелдейді, мастер кластар көрсетіледі;

Қортындылай келе айтатыным менің осы орындаған жұмысым Көркем сурет факультетінде үш жыл оқып, алған білімімнің жемісі деп білемін. Қысқа уақыт ішінде орындаған дипломдық жұмысымның өзінде мен бірталай тәжірибе жинадым, шыдамдылыққа, байсалдылыққа, еңбекке, ізденушілікке,

мақсатқа табандылықпен жетуге үйрендім. Осы жұмыстарым арқылы болашақта да үлкен шығармалар жаза алатындығыма көз жеткіздім.

Осының бәрін үйреткен, біздің еркелігімізді көтере білген және болашағымыздың шамы болатан білім берген ұстаздарыма үлкен алғыс білдіремін. Алған білімімді одан әрі жалғастырып, дамытып ұстаздарға және халқыма дәлелдеймін.

«Өнер» - бұл адамның үлкен байлығы. «Өнерлі адам - ырысты адам», өнердің қай саласы болмасын, я ол әнші, композитор, мусінші, суретші бәрі де адамның жан дүниесін рухани байытып, әдемілікті көруге, сәнділікті сезуге үйретеді.

Сол себептен ең маңызды, қымбат байлығым қолымдағы өнерімнің барына қуаныштымын.

Суретші болу қызық. Қызығы мен қиыншылығы қатар жүретін бұл өнер әр адамның бойында бола бермейді. Қиыншылығына көнбесең, қызығын көру мүмкін емес. Өнер адамдарды, солардың ішінде өмірге, әлемге өз таңбасын қалдыруға тырысады, мен де сурет өнерінде таңбамды қалдырсам деймін.

#### Әдебиеттер:

1. Б.Әлімұхаметов, Ж.Балкенов «Сурет салу және бояумен жұмыс істеу әдістері». Алматы «Мектеп баспасы» 1987 жыл.
2. Әбіш Кекілбайұлы. «Кемпірқосақтың түсі қандай». 2018 жыл.
3. Әлемдік өнертану. Үш томдық 2: Бейнелеу өнері. Алматы: Өлке, 2008ж